

Халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдем беру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы әкімиятының 2005 жылғы 8 ақпандағы N 20 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет Департаментінде 2005 жылғы 14 наурызда N 3089 тіркелді. Орындалу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңына сәйкес

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдем беру жөніндегі шараларын кеңейту мақсатында облыс әкімдігі **қаулы етеді:**

1. Қоса беріліп отырған халықтың мақсатты топтарындағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыру Қағидасы бекітілсін.
2. Ақтөбе қаласы мен аудандардың әкімдері әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын немесе ашатын кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесін бекітсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ә.Н.Қартовқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімдігінің
2005 жылғы 8 ақпандағы
N 20 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Халықтың мақсатты топтарындағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыру Қағидасы

Осы Қағида халықтың мақсатты топтарындағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыруға арналған әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыру тәртібін айқындайды, әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын ұйымдармен (меншік түріне қарамастан) жасалатын негізгі шарттар мен олармен есеп айырысу жүйесін реттейді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) әлеуметтік жұмыс орны - халықтың мақсатты топтарындағы жұмыссыздарды арнайы жұмысқа орналастыру үшін жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелген, жергілікті бюджет есебінен жұмысқа қабылданған қызметкерлерге жұмыс берушілер жұмысақы төлеу шығынының бір бөлігіне өтемақы жасайтын жұмыс берушілердің ашқан немесе ұсынған жұмыс орны.

2) мақсатты топтар - жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген және әлеуметтік қорғауды талап ететін адамдар ретінде "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген адамдар топтары.

2. Әлеуметтік жұмыс орнына орналасқан жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заң актілері қолданылады.

3. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар әлеуметтік жұмыс орнына орналастыру үшін жұмыссыздарға жолдама беруді жүзеге асырады.

2. Халықтың мақсатты топтарындағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыру тәртібі

4. Халықтың мақсатты топтарындағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орнын жергілікті (қалалық, аудандық) бюджеттер қаражаты есебінен жұмысқа қабылданған қызметкерлерге еңбекақының бір бөлігін төлеу шарты бойынша кәсіпорындар мен ұйымдар ұсынады немесе ашады.

5. Әлеуметтік жұмыс орнын ұсынатын немесе ашатын кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесі, әлеуметтік жұмыс орындарының саны, мерзімі және қаржыландыру шарты қала (аудан) әкімдігінің шешімінде бекітіледі.

6. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынушы кәсіпорындарды іріктеуді жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жүргізеді.

7. Мекемелерді іріктеу кезінде әлеуметтік жұмыс орнына қабылданған қызметкерлердің одан әрі тұрақты жұмысқа орналасуына кепілдік беретін кәсіпорындар мен ұйымдарға басымдылық беріледі.

8. Аудандық, қалалық жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орнына олардың келісімімен жібереді.

9. Кәсіпорындар мен ұйымдар арасындағы еңбек қатынасын өз бетінше тоқтатқан (дәлелсіз себептермен) жұмыссыздар жұмыссыз ретінде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне тіркелген есептен шығарылып тасталады және уәкілетті органға қайтадан тек қана тіркелген күннен бастап үш ай өткен соң әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасу үшін қайтадан жіберілуі мүмкін.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру тәртібі мен көздері

10. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері: жергілікті бюджеттер қаражаты мен жұмыс берушілердің қаражаттары.

11. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жұмыс берушілермен қалалық (аудандық) бюджеттер қаражаты есебінен әлеуметтік жұмыс орнына қабылданған қызметкерлердің жұмысақы төлеудің бір бөлігін өтеуге келісім шарт жасайды.

12. Жұмыс берушілер әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа қабылданған жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу шығынын жергілікті бюджет қаражатынан қызметкерге бекітілген еңбекақының 50 пайызы мөлшерінде өтейді, бірақ республика бойынша бекітілген ең төменгі еңбекақыдан артық емес және 6 айдан аспауы керек.

13. Әлеуметтік жұмыс орнына қабылданған қызметкерлерге еңбекақының бір бөлігін төлеу жұмыс берушінің есеп айырысу шотына бюджет қаражатынан аударылады.

14. Әлеуметтік жұмыс орнына қабылданған жұмыссыз азаматтарға еңбекақы төлеу, жұмыс берушілермен жеке келісім шарт жағдайында және орындалған жұмыстың санына, сапасына және күрделігіне сәйкес ай сайын жүзеге асырылады.

15. Жұмыс берушілер еңбекақы төлеу шығынын өтеу үшін жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін, ай сайынғы жұмыс күнін есепке алатын тізімдік ұсынады.

16. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу нақты орындаған жұмыс көлеміне немесе нақты жұмыс істеген уақытына қарап беріледі.

17. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа қабылданған жұмыссыздарға төленген табысынан заңнамада белгіленген тәртіппен салық салынады.

18. Мекеменің есеп айырысу шотына түскен жұмыссыздардың еңбекақысының бір бөлігін төлеу үшін белгіленген бюджет қаражатын мақсатсыз пайдаланса, оған жұмыс берушілер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жауап береді.

19. Әлеуметтік жұмыс орындарын жергілікті бюджеттен 002 "Жұмыспен қамту бағдарламасы" бағдарламасы бойынша, 102 "Халықты жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар" кіші бағдарламасы бойынша қаржыландыру жүзеге асырылады.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландырудың тәртібін бақылау

20. Халықтың мақсатты топтарындағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландырудың Қағидасын бақылауды мемлекеттік органдар заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК